

«АСТАНА МЕДИЦИНАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» АҚ
Еңбек гигиенасы және коммуналдық гигиена кафедрасы

Тақырыбы: Танымал қоғам қайраткерлерінің (М.В. Ломоносов, А.Н.Радишев, И.И.Бецкой) және орыстың профессор-энциклопедисттерінің (С.Г.Зыбелин, Н.М. Амбодик) гигиенаның дамуындағы рөлі. 19-20 ғғ. басындағы мектеп гигиенасы.

(СӨЖ)

Орындаған: 401 ҚДС Мәлікұлы І.М.

Тексерген: Мукашева К.М.

Астана 2016 жыл

Жоспары

I. Кіріспе

1.1. Балалар мен жасөспірімдер гигиенасының ерекшелігі

II. Негізгі бөлім

2.1. Қазақстанда жасөспірімдер гигиенасының дамуы

2.2. Балалар мен жасөспірімдер гигиенасына Ломоносовтың қосқан үлесі

2.3. С.Г. Зылебиннің еңбектері

2.4 Мектеп гигиенасының дамуы

III. Қорытынды

IV. Пайдаланылған әдебиеттер

I. Кіріспе

1.1. . Балалар мен жасөспірімдер гигиенасының ерекшелігі

Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы пән және денсаулық сақтау жүйесінің іс – тәжірибелік саласы ретінде өсіп келе жатқан ұрпақтардың денсаулығын сақтап, нығайтуға бағытталған профилактикалық шараларды өңдеп, негіздеуге арналған ғылым.

Бұл пән өсіп келе жатқан организмге қоршаған ортаның әртүрлі факторларының әсер етуін зерттеумен және болашақта осы факторлардың организмге әсерін болжаумен айналысады. Сонымен қатар ғылыми мәліметтер негізінде гигиеналық, санитарлық-гигиеналық және санитарлық індетке қарсы ережелер мен нормаларды өңдеп, аурушаң-дықты азайтуға, организмнің қызмет қабілетін жоғарлатуға, балалар мен жасөспірімдердің қалыпты дамуына бағытталған емдеу-профилактикалық және салауаттандыру шараларын қарастырады.



Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы пәнінің негізгі ерекшелігі сонда, ол ересек адамдардың организмiнен сандық жағынан ғана емес, сапалық жағынан да айырмашылығы бар, өсіп-даму кезеңдеріне байланысты, толық қалыптасып бітпеген организмді зерттеп, оқытады. Басқа сөзбен айтқанда, гигиенаның бұл саласын өсіп келе жатқан жас ұрпақтардың жас мөлшерлерінің гигиенасы деп қарауға да болады.

II. Негізгі бөлім

2.1. . Қазақстанда жасөспірімдер гигиенасының дамуы

Қазақстанда алғашқы санитарлық-гигиеналық факультет Алматы мемлекеттік медицина институтында 1943 жылы ашылған болатын. 1948 жылы мектеп гигиенасы кафедрасы өз алдына жеке кафедра болып құрылды. Оны ұйымдастырған және 1960 жылға дейін басқарған м.ғ.к., доц. В.А.Смирнов болды.

Кейіннен 1964 ж бұл факультет Қарағанды мемлекеттік медицина институтына ауыстырылды және сол жылдан бастап балалар мен жасөспірімдер гигиенасы кафедрасы коммуналды гигиена кафедрасының құрамына кірді, осы біріккен екі саланың меңгерушісі м.ғ.д., доц. Ботенко Э.К. болды.

Дамуы


1991 жылы ашылған коммуналды гигиена және балалар мен жасөспірімдер гигиенасы кафедрасы студенттерді санитария, гигиена, эпидемиология саласынан екі тілде оқыта бастады. Оның ұйымдастырушысы, әрі меңгерушісі Ұлттық ғылым академиясының корреспондент мүшесі, м.ғ.д., профессор Б.А. Неменко болды.

Аталған пән бойынша өте қысқа мерзім ішінде оқу бағдарламасы өңделіп, екі тілде дәрістер курсы дайындалды. Қазіргі кезде коммуналды гигиена және балалар мен жасөспірімдер гигиенасы кафедрасы мақсатты бағытта ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысып отырған, шығармашылық әлеуеті кеңінен дамып келе жатқан, болашағы зор ұжымдардың бірі болып отыр.

2.2 Балалар мен жасөспірімдер гигиенасына Ломоносовтың қосқан үлесі



Балалар мен жасөспірімдер гигиенасымен және денсаулық қорғаумен байланысты балалар денсаулығын қорғау сұрақтарына мемлекеттік мағынаны алғаш келтірген Мәскеу университетінің негізін салушы М.В. Ломоносов болды. Ол жаңа туғандарды сақтау және олардың санын көбейтуге бағытталған мемлекеттік шаралар қатарын өткізуді ұсынды. Императорлық мәскеу университеті М.В. Ломоносовтың ынтасымен ұйымдастырылған, ол Кремльдің жанындағы әскери ведомствалық дәріханасының бұрынғы ғимаратында 1754 жылы Сенаттың бұйрығымен ашылған. Ломоносовтың жасаған жарлығы бойынша университетте үш факультет бекітілді: философиялық, заң және медициналық.



С.Г. Зылебиннің
енбектері

1775 жылы айтылған “Халық қоғамында көбеюге қызмет ететін денені балалық шағынан дұрыс тәрбиелеу туралы сөз”, және 1780 жылы айтылған “Халықтың баяу өсуінің әр түрлі себептері арасында маңызды еместігін қалай ескерту керек тәсілі туралы сөз” сөз сөйлеуінде балалар денсаулығына бөлмедегі жоғары температураның зиянды әсері байқалатынын, тамақтану сұрақтары жайлы айтқан

Мектеп гигиенасының дамуы

Мектеп гигиенасын ғылымға әкелген Ф.Ф Эрисман болды. Ғылым ретінде мектеп гигиенасы үшін ғалым зерттеу объектісі ретінде баланың өсуші организмін санаған және берілген ғылымның негізгі мақсатын дені сау өсуші ұрпақтың тәрбиелеуін қамтамасыз ететін гигиеналық және сауықтыратын шараларды өткізуде көрді.

Эрисманның шәкірті ретінде Игнатъев мектеп гигиенасының даму жолын жалғастырды.

1870 жылдан бастап мектеп гигиенасы ғылыми қоғамдардың қызметінде едәуір орын алады. 20-шы ғасырдың екінші жартысында мектеп гигиенасының проблемалары отандық гигиеналық ғылымда кең көрсетілген.

Ұлы Отан соғысына дейін біздің елімізде эпидемиялар тоқтатылды, инфекциялық аурулар азайды, демографиялық көрсеткіштер жақсарады, балалар халқының физикалық дәрежесі көтеріледі. Соғыс өсуші ұрпақтың денсаулығына едәуір шығын әкелді.

Соғыстан кейінгі кезең тиімді сауықтыру қызметімен сипатталады. Өмір ұзақтығы екі есеге өсті. Балалар мен жасөспірімдер арасындағы сырқаттанушылық пен өлім себептерінде күрт өзгеріс болды.

III. Қорытынды

Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы -денсаулық сақтау жүйесінің іс – тәжірибелік саласы ретінде өсіп келе жатқан ұрпақтардың денсаулығын сақтап, нығайтуға бағытталған профилактикалық шараларды өңдеп, негіздеуге арналған ғылым.

Ғылыми мәліметтер негізінде гигиеналық, санитарлық-гигиеналық және санитарлық індетке қарсы ережелер мен нормаларды өңдеп, аурушаңдықты азайтуға, организмнің қызмет қабілетін жоғарлатуға, балалар мен жасөспірімдердің қалыпты дамуына бағытталған емдеу-профилактикалық және салауаттандыру шараларын қарастырады.

Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы өз алдына жеке ғылым ретінде денсаулықты сақтап, нығайтуға, сонымен қатар организмнің үйлесімді дамуын қалыптастыруға бағытталғандықтан, бұл саладағы гигиеналық нормалар организм мен қоршаған ортаның тек сол мезеттегі қолайлы әсерлесуін ғана емес, организмнің дұрыс өсіп, дамуына қажетті жағдайларын да қарастыруы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Неменко Б.А. Оспанова Г.К Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы(Оқулық).- Алматы 2002.344б.
2. Кучма В.Р. Гигиена детей и подростков., М., Медицина, 2004.36-45б.
3. А.Г.Хрипкова Возрастная физиология и школьная гигиена. М., 1990 71 б.
4. Ю. А. Ермолаева Возрастная физиология. М., 1985.123 б.
5. Н.Н. Леонтева, К.Б. Маринова Анатомия и физиология детского организма. М.,1986. 213 б.
6. Советов С.Е. Мектеп гигиенасы. А., 1973.183 б.
7. Антропова А. А. Основы гигиена учащихся. М.,1982. 147б.
8. Белецкая В. И. Школьная гигиена. М., 1983. 301 б.
9. <http://www.inform.kz/kaz/article/2330558><http://www.inform.kz/kaz/article/2330558>